



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

of Republic of Kazakhstan which is independent from the executive or judicial bodies and expressly functions on the implementation and interpretation of these recommendations. This way Kazakhstan will be able to present itself to the international community in the highest status pertaining the protection of fundamental human rights and reaching the status of 30 most developed countries will become less distant.

Literature

1. Paramjit S. Jaswal Human Rights and the Law // APH Publishing. 1996P.57
2. Sarah Joseph, Melissa Castan The International Covenant on Civil and Political Rights: Cases, Materials, and Commentary // Oxford University Press Oxford. 2013 P.8
3. Вступительное слово главы делегации Республики Казахстан Э.Азимовой в рамках представления второго периодического доклада Республики Казахстан в Комитете по правам человека // 117-th session of UN HRC Geneva 22-23 July 2016

УДК 341.1/8

ЕУРОПАДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ДАҒДАРЫСЫ

Айтжанов Шыңғыс Жамбылұлы

Aitzhanov_Chingiz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Заң факультеті

Халықаралық құқық мамандығы

Мпк-21 тобының студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Сейдеш Б.Б.

Аңдатпа. Мақалада еуропалық көші-қон дағдарысының туындау себептері қарастырылады. Еуропалық Одақ мемлекеттері тап болған негізгі көші-қон мәселелер ерекше аталып көрсетілген. Бүгінгі таңдағы дағдарыстың зардаптары сипатталған.

Аннотация. В статье рассматриваются причины европейского миграционного кризиса. Особое внимание было уделено ключевым проблемам миграции, с которыми сталкивается ЕС. Описаны последствия сегодняшнего кризиса.

Abstract. The article considers the reasons for the European migration crisis. Special attention was paid to the key issues migration faced by the European Union. Described consequence of today's crisis.

Түйін сөз. Еуропа, Еуропалық одақ, Шенген аймағы, көші-қон дағдарысы, көші-қон саясаты, босқындар.

Көші-қон дағдарысының себептері, біріншіден, Еуропаға босқындар мен заңсыз мигранттар ағынының келу себебі, бұл - Сирия, Ливан, Йемен, Ирак, Ауғанстан мемлекеттеріндегі соғыс. Сирия мемлекетіндегі 2011 жылы үкіметке қарсы басталған көтерілістің, толық масштабты қарулы қақтығысқа ұласуы. Syrian Observatory for Human Rights 2015 жылдың тамыз айындағы мәліметтері бойынша құрбандар саны 330 000 адамнан асады, осы адамдардың босқындар атануының негізгі себебі болып табылады. Сириялықтардың саны 2015 жылғы мигранттар ағынының жартысын құрайды, ол өз кезегінде 2014 жылғымен салыстырғанда екі есеге көп [1]. ГФР сыртқы істер министрі Франк- Вальтер Штайнмайер: «Біз тұрғындардың босқын атану себептерімен күресуге тиіспіз. Оның басты себебі Сириядағы қақтығыс екені күмәнсіз. Біз бұл дағдарысты саяси тұрғыда шешуден тым алыспыз. Жекелей ойыншылардың әскерилерді белсенді етіп іске араластыруының себебінен біз оған жақындай алмаймыз», - деген пікір білдірді [2].

Екіншіден, Жерорта теңізі арқылы Ливиядан Италияға заңсыз мигранттар мен босқындарды өткізілуі, БҰҰ жоғарғы комиссарының босқындар ісі жөніндегі басқармасының (ЖКБІБ) хабарлауынша 2016 жылдың басынан бастап Жерорта теңізі арқылы 130 мыңнан астам мигранттар өткен, бұл 2015 жылдың алғашқы жартыжылдығым

ен салыстырғандағы босқындар мен мигранттар санынан асып түскен[3]. Италияндық билік өкілдерінің және БҰҰ босқындар ісі жөніндегі агенттіктерінің мәліметтеріне сай 2016 жылдың басынан Жерорта теңізі арқылы Солтүстік Африкадан Италияға келген босқындар саны 171 мың адамды құрайды. Осылайша 2016 жылғы мәліметтерге сай 2014 жылғы рекорд жаңартылды, ол кезде бір жылда келген босқындар саны 170 мың адам болған [4].

Үшіншіден, БҰҰ бас хатшысы Антониу Гутерреш хабарлағандай, «2016 жылы Еуропаға келіп жатқан сириялық босқындардың санының артуы негізгі үш факторға, оның екеуі тұрақты үрдіске айналған және біреуі таяудағы дүмпуге байланысты». Саясатшының сөзіне қарағанда, бірінші фактор – бұл сириялық тұрғындардың елдегі жағдайды саяси тұрғыда тұрақтандыруға деген сенімдерінен айырылуы. Екінші фактор – ол тұрғылықты жерінен кеткендердің күн көріс ресурстарынан айырылуы. БҰҰ бас хатшысының пікірінше аудандардағы гуманитарлық көмектің қысқартылуы, соның есебінен босқындар санының күрт артып кетуі үшінші фактор болып табылады. Негізінен, қаржыландырудың жеткіліксіздігінің әсерінен Әлемдік Азықтандыру бағдарламасы қызметінің 30 % қысқартылуының есебінен. Сондай-ақ, бас хатшы Италияға мигранттардың ағылып келуін басқа да көптеген себептермен байланыстырды, соның ішінде «африкалық қақтығыстар, Ливиядағы аласапыран, сонымен қатар, Африка және Еуропаға демографиялық және экономикалық теңгерімнің болмауы» [5]. Сарапшылардың есептеуіне сәйкес, 2015 жылғы босқындарға және оларды қабылдаушы мемлекеттердің аудандарына көмек көрсету үшін 5,5 млрд доллар қажет, қажетті соманың бар-жоғы 24 % ғана қол жеткізілген. Әлемдік қоғамдастықтың қолдауына зәру босқындар «кедейлікке тереңірек еніп кетуде», - деп Антониу Гутерреш айқындап айтты. Деректерге қарағанда, 4 млн астам сириялық көршілес елдерге, Түркияға қашқан. Түркия территориясындағы босқындар санына орай бірінші орынға шықты, оның аумағында Сирия босқындарының 45 %, яғни 1,8 млн адам бар. Сирияның 1,17 млн астам азаматы Ливанда, 630 мыңға жуығы - Иорданияда, 250 мыңы - Иракта, 132 мыңы - Мысырда, 24 мыңы - Солтүстік Африканың басқа да мемлекеттерінде. Бұдан өзге, 270 мыңнан астам сириялық Еуропа елдерінен пана сұрап өтініш білдірген [6].

Төртіншіден, көптеген мигранттар, олардың туысқандары тұрақтаған, белгілі бір мемлекеттерге ғана баруға тырысуда. Еуропада орнығып үлгерген отбасы мүшелеріне қосылу мүмкіндігі мұндай көші-қонның экономикалық жағын айтпағанда, психологиялық тараптарын жеңілдетеді. Соғыс пен кедейшілікке келер болсақ, онда көптеген саясаткерлер мен журналисттердің пікірінше, келімсектердің басым бөлігі – олар кедей босқындар емес. Олардың көпшілігі әскери іс-әрекеттер аймағынан емес, экономикалық болашағы жоқ, алайда «Ислам мемлекетінің» орнығу қаупі бар қираған аудандардан кетуде [7].

Көші-қон дағдарысының салдары. 2015 жылдың алғашқы жартыжылдығында ЕО берілген баспана беру туралы өтініштердің 43 % келді. Дәл сол және басқа үш еуропалық мемлекет барлық босқындарды дерлік қабылдап жатыр. Көптеген елдерде, әсіресе Шығыс Еуропада, үкімет, тіптен тұрғындар да босқындар мен мигранттарды қабылдауға қарсы болуда.

Тағы бір мәселе, еуропа мемлекеттерінің ішкі жағдайларының шиеленісуі. Осылайша, неміс тұрғындарының көп бөлігі (81 %) билік басындағыларды миграциялық дағдарыспен күресе алмайды деп санауда. Респонденттердің 61 % министрлер кабинетінің жұмысын қанағаттандырмайды, Экономикалық жағдайдың күрделенуі, ішкі тұрақсыздық, көп мөлшердегі ретсіздік – «алдын дұрыс болжай білмеген саясаттың» қорытындысы осы болды. Жаңажылдық кеште Кельнде болған әйелдерге жасалған жаппай шабуылдан полицияға әйелдер тарапынан 400-ден астам арыздар түскен, онда «африкалық және арабтық келбетке ие» ер адамдар тарапынан нәпсілік қол сұғушылыққа ұшырағандығы көрсетілген.

Ең зардапты мәселе ретінде миграциялық дағдарыстың Шенген аумағына тигізетін әсерін жатқызуға болады. «Еуропалық одақ өздерінің миграциялық саясатының қағидаларын дұрыс ұстанғаны қажет, олай болмаған жағдайда Шенген келісімінің тағдыры қыл үстінде» - деп Еуропа кеңесінің төрағасы Дональд Туск баяндады [9]. 2016 жылы 16 қаңтарда Австрия уақытша Шенген аумағынан шығып кетті. Канцлер Вернер Файманнның айтуынша, «елге

келетін әрбір адамды қатаң тексеретін болады» [10]. Вена Шенген аумағынан Грекияны шығару туралы ұсыныс айтты, себебі ол шекарасын қорғау үшін және миграциялық бақылау үшін жеткіліксіз әрекет жасауда дейді. Австрия ІМ басшысы Й. Микль-Ляйтнер баяндағандай, көптеген еуропалықтардың төзімі таусылды. «Егер Афинадағы үкімет сыртқы шекарасын қорғау үшін уақыт бөлмесе, онда Грекияны уақытша Шенген аумағынан шығару туралы сұрақты ашық талқылау қажет». ГФР СІМ басшысы Франк-Вальтер Штайнмайер: «Бөлек мемлекеттерді Шенген аумағынан шығару секілді шешімдер еш жақсылыққа алып келмейді. Олар тіптен босқындар ағынын да азайта алмайды» - деп Микль-Ляйтнердің ұсынысын сынға алды.

Мәселені шешу үшін қандай шаралар қолданылады. Көші-қон дағдарысының перспективті шешімдері көтеген саясаткерлер мен сарапшылар үшін пессимистті болып көрінеді. Францияның премьер-министрі Мануэль Вальс атап өткендей, Еуропаға, өзінің сыртқы шекараларын бақылай алу үшін, тез арада шаралар қолдану қажет. «Егер Еуропа өз шекарасын қорғай алмаса, онда сол Еуропа идеясының өзі күмән келтіретін болады». Француз саясатшысы Еуропаның өзі ғана емес, «еуропа жобасы», еуропалық құндылықтар, бірегей Еуропа концепциясы жоғалатындығын атап кетті. Оның сөздері бойынша, Еуропа Сирия мен Ирактағы соғыстан қашқан барлық босқындарды қабылдай алмайды. «кері жағдайда біздің қоғам толығымен тұрақсыздылыққа ұшырайды». Мануэль Вальс Германия канцлері Ангела Меркельдің босқындарға қатысты «батылдығын» атап өтті, алайда оның «келіңіздер, сіздерді қабылдайды» деген саясаты ЕО үлкен өзгерістерге ұшырайтынын айтты [11]. Көші-қон дағдарысы ЕО елдерінің халқына үлкен саяси және әлеуметтік салаларына кері әсерін тигізетін қолайсыздық тудыруда. ЕО басшылығы дағдарысты шешудің гуманитарлық жолдарын іздестіруде және кейбір шаралар қабылданылуда.

Уақытша бақылауды өз шекараларында Бельгия, Дания, Германия, Венгрия, Австрия, Словения, Швеция және Норвегия жүргізуде. Македония мен Словения мемлекеттері босқындар үшін шекараларын жауып тастау туралы шешім қабылданып, Хорватия мемлекеті өз территориясы арқылы босқындарды өткізуге шектеу қоюға шешім қабылдады. ЕО құрамына кірмейтін Сербия еуропалық шекаралардың жабылуына орай мигранттардың өз территориясына кіріп кету қауіпіне байланысты, Македония мемлекеті арасындағы шекараны жауып тастады. Босқындар, сондай-ақ заңсыз мигранттар, Македониядағы шекаралық тексерістің қатаңдығының себебінен Грекияның аумағына бағытталуда. Балқан түбегіндегі елдер күніне 580 адамнан артық адам өткізбейтіндіктен, Болгария босқындар санының артып кетуінен қауіптеніп, Түркия мемлекеті арасындағы шекараға, қажет болған жағдайда, әскер қою туралы шешім қабылдады. Еуропа да құрамында мың жарым адамы бар ЕО ортақ шекаралық қызметін құруды жоспарлауда.

Түркиямен жасалған келісім. Еуропалық амалдар босқындар ағынын Түркияда ұстап тұруға бағытталады. Бұл үшін Анкараға жылына 3 млрд еуро бөлу қарастырылған, сол арқылы Түркия аумағында босқындардың өмір сүруіне қажетті шарттарды жасап беруі, сондай-ақ, Еуропаға баратын мигранттарға жүргізілетін бақылауды ұйымдастыру керек. Түркия, сонымен қатар, сириялық босқындарға жұмысқа қажетті рұқсатнама беруі керек. Осындай жобалардың біріншілерінің қатарында 95 млн еуроға жоспарланған, Еуропалық комиссиямен хабарландырылған, білім беру және гуманитарлық көмек саласындағы істер болмақ. Түркия президенті Р.Эрдоганның хабарлауынша оның мемлекеті 3 млн сириялық пен ирактықтарды қабылдаған, мигранттарға көмек көрсету үшін 2011 жылдан бері 10 млрд доллар жұмсаған, ал бұл уақытта БҰҰ оларға небәрі 455 млн доллар қаржы бөлген.

Миграциялық дағдарысты шешу жолындағы түріктердің ұстанымы ультимативті болған: не жылына 3 млрд не Түркия Еуропаға кететін босқындар ағынын ұстап тұрудан бас тартып, Грекия мен Болгария арасындағы шекараны ашады. ЕО мен Түркия арасында миграциялық жағдайды бақылау бойынша келісім жасалды. Келісімге сай, Түркия ЕО 2016 жылғы 20 наурыздан кейін Грекияға келген заңсыз мигранттарды қабылдауға, ЕО теңіз не құрлық жолдар арқылы заңсыз мигранттарды өткізбеуге міндеттеледі. Оның есесіне, Түркия визалық либерализация бойынша мәмілелерді жылдамдату (ЕО маусым айының соңына

дейін түрік азаматтарының визаларын кері қайтаруы керек), ЕО құрамына кіру туралы мәмілелердің жаңа тарауларын ашу және алдын ала қарастырылған 3 млрд еуро және де қосымша қаржыландырулар (шамамен 6 млрд еуроға дейін) секілді артықшылықтарға ие болады. Екіжақты міндеттерге Сириядағы гуманитарлық жағдайды жақсарту жатқызылады.

2016 жылдың наурыз айында Еурокомиссия Шенген аймағын құтқару туралы жоспармен таныстырды. Онда, Шенгеннің сыртқы шекараларындағы басқару кемшіліктерін Грекия арқылы жою секілді шаралар қарастырылған. Мүше-елдер арасында өз шекарасы арқылы басқа да мүше-елдерге босқындарды өткізуді тоқтату. Жоспарда айтылғандай, жекеленген елдер арқылы біржақты шекаралық бақылауды қалыпқа келтіру, шенген шекарасында ішкі тексерісті 2016 жылғы желтоқсанға дейін тоқтатуға арналған үйлескен еуропалық амалға орын беруі тиіс[12].

НАТО мен Ресей әскерлері бірлесе отырып қарулы- қақтығыс болып жатқан аумақтарға, оның ішінде Игил ұйымына қарсы күш қолдану арқылы Сириядағы мәселені бір қалыпқа келтіруде.

Жоғарыда аталғандарды қорытындылай келе былайша тұжырым жасауға болады, жаңа ғасырдағы мирация, соңғы үш жылда болған көші-қон дағдарысы, Еуропаның саяси және экономикалық жағдайына кері әсерін тигізуде. Мигранттарды орнықтырудағы ынтымақтастықтың жоқтығы, мәселені одан әрі тереңдетуде. Мұндай жағдайда мүше мемлекеттер дағдарысты еңсерудің бірыңғай стратегиясын әзірлеуге міндетті - әйтпесе, оның күшеюі Еуропалық Одақтың өміріне қауіп төндіреді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі.

1. 8 reasons Europe's refugee crisis is happening now // The Washington Post. – 18.09.2015. URL: <https://www.washingtonpost.com/news/worldviews/wp/2015/09/18/8-reasons-why-europes-refugee-crisis-is-happening-now/>
2. Глава МИД ФРГ: основной причиной миграционного кризиса остается конфликт в Сирии // ТАСС. – 12.10.2015. – Режим доступа: <http://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/2339533>
3. ООН назвала число прибывших в Европу через Средиземное море беженцев// РИА Новости. – 01.03.2016. – Режим доступа: <https://ria.ru/world/20160301/1382437864.html>
4. Число беженцев, прибывших в Италию по Средиземному морю, стало рекордным//Коммерсант.ру. – 28.11.2016. – Режим доступа: <http://www.kommersant.ru/doc/3155988>
5. УВКБ: сокращение гумпомощи САР - одна из причин миграционного кризиса // РИА Новости. – 05.10.2015. – Режим доступа: <http://ria.ru/world/20151005/1297177679.html>
6. Проблема беженцев: ООН бьет тревогу // ТАСС. – Режим доступа: <http://tass.ru/spec/refugee>
7. Миграционный кризис - у ЕС нет решения // ТАСС. – 19.09.2015. – Режим доступа: <http://tass.ru/mezhdunarodnaya-panorama/2275152/81> % граждан Германии считает, что правительство не справляется с миграционным кризисом // RT на русском. – 04.02.2016. – URL: <https://russian.rt.com/article/146254>
8. Дональд Туск назвал миграционный кризис угрозой Шенгену // Ин- терфакс. – 12.11.2015. – URL: <http://www.interfax.ru/world/478965>
9. Австрия ограничивает действие Шенгена и усиливает проверку на границе // РИА Новости. – 16.01.2016. – URL: <http://ria.ru/world/20160116/1360663972.htm>
10. Migrant crisis: EU at grave risk, warns France PM Valls // BBC. 22.01.2016. – URL: <http://www.bbc.com/news/world-europe-35375303>
11. Миграционный кризис в Европе// ТАСС. – 21.03.2016. – Режим доступа: <http://rusrand.ru/analytics/migracionnyu-krizis-v-evrope>